

Шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Алматы облысы Ақсу ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 22 тамыздағы N 1 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ақсу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 22 қыркүйекте N 2-4-135 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7)-тармақшасына және Ақсу ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2011 жылғы 18 мамырдағы N 2/299 ұсынысы негізінде Қарасу ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қарасу ауылдық округінің Кеңжыра ауылына, ұсақ мүйізді малдар арасында сарып ауруы анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары енгізіле отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өз құзырымда қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

Т. Арғынбаев